

ҚАЗЫГҮРТ KZ

№3 (76) 2021

“Қазығұрт kz” журналына
жазылу бағасы:
6 айға - 3250 теңге 80 тиын.
Жазылу индексі: 74509

ҚАЗЫГҮРТ KZ




ТҮРКІСТАН

Максат ҚАРҒАБАЙ.

Қобызынан Қорқыттың мұң туғызған
Түркістан!
Сан ғасырдан көш түзеп,
Султанбектей ұлына сыр туғызған
Түркістан!
Алты алашты аймақта, айтып жүрер осындей
Ұл туғызған Түркістан!
Екі дүние есігі-әлем сыйған Түркістан!
Тәрткүл дүние төрінен барын жиган Түркістан!
Мың тіріліп, мың өліп жаңын қиған Түркістан!
Хан, сұлтанның назары саған ауған Түркістан!
Күмбезінен құміс пен маржан жауған Түркістан!
Рухани астана, ұлықталған Түркістан!
Салттың менен дәстүрім ғүрүпталған Түркістан!
Келбетінен келешек сыр ұқырған Түркістан!
Ыңтымағы, ырысы үйып тұнған Түркістан!
Татулығы шықтай бол тұнып тұрған Түркістан!
Шежірелі беттері жылнамалы Түркістан!
Аймағы мен келбеті жыр алабы Түркістан!
Қожа Ахмет иесі ғұламалы Түркістан!
Жайнап, бүгін жасарған гүл аланды Түркістан!
Хандар менен билердің көзі болған Түркістан!
Ақындар мен шешенниң сөзі қонған Түркістан!
Түгел сөздің түбі бір-түп атасы Майқының,
Майдан қылды суырған өзі болған Түркістан!
Баһадурлер қол бағтар қуат болған Түркістан!
Шөліркеген пендеге суат болған Түркістан!
Бір Аллаға жүгінген пәндасіне бақида,
Соғы мекен, иран бақ, жұмақ болған Түркістан!
Отыз жылдың ішінде дүр жаңарған Түркістан!
Ақындардың тілімен жырға қанған Түркістан!
Көк түріктің бесігі, тоқшылықтың есігі,
Көк туымды қөтегі нұрга малған Түркістан!
Күннен күнге түрленіп, шамдай жаңған Түркістан!
Сен де туып, сен де өскен қандай арман Түркістан!
Асқақ көркің, күн сүйген, көрімдігім өлеңім,
Келбетіңе бір қарап қанбай қалам Түркістан!
Сенен қуат алған мен, шаршы топта қалайша,
Жанбай қалам Түркістан?!

Тоба менен шүкірдің арасындей Түркістан!
Алты алаштың ақ көніл баласындей Түркістан!
Үйлім менен білімнің санаңындей Түркістан!
Данышпан мен ғалымның санаңындей Түркістан!
Сақтың сайын, айшылық далаңындей Түркістан!
Ағы менен көзімнің қарасындей Түркістан!
Қаратаудың басынан көш түзеген Түркістан!
Жібек жолы бойынан көш үзбеген Түркістан!
Қансыраған қалмақты, жөн білмеген жонғарды!
Сайын дала Арқаға өткізбеген Түркістан!
Өте қалған күндерде мақсатына масайрар,
Жеткізбеген Түркістан!



Фотоны түсірген: Сamat Мырзалиев.